



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ КАФЕДРАСЫ



*Әдебиеттанушы-ғалым,
Қазақстанның құрметті педагогы,
«Білім беру саласының үздігі»,
филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдас­тырылған профессор*
ҚАЛҚАБАЕВА СӘЛИМА ӘБДІРАМАНҚЫЗЫНЫҢ
60 ЖАСҚА толуына арналған
«ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ
МЕН ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ»
*атты республикалық ғылыми-әдістемелік онлайн
конференциясының материалдары*

Жауапты редактор:
ф.ғ.д., доцент Г.Ж. Болатова

Құрастырушылар:
ф.ғ.д., доцент Г.Ж. Болатова
Ж. Әзімханова, Б. Молдағали

«Әдебиеттанудың жаңа бағыттары мен әдебиетті оқыту әдістемесі» атты республикалық ғылыми-әдістемелік конференцияның материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 373 б.

ISBN 978-601-04-5834-5

Жинаққа 2021 жылдың 25 қарашасында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінде өткен «Әдебиеттанудың жаңа бағыттары мен әдебиетті оқыту әдістемесі» атты республикалық ғылыми-әдістемелік конференцияның материалдары енгізілген.

Жинақ әдебиеттанушы, тілші мамандарға, жоғары оқу орындарының оқытушылары, докторанттары, магистранттары, студенттері және көпшілік оқырман қауымына арналған.

ISBN 978-601-04-5834-5

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2021



Қалқабаева Сәлима Әбдіраманқызы
филология ғылымдарының кандидаты, доцент

3

ӨМІРБАЯНДЫҚ ДЕРЕКТЕРІ

Қалқабаева Сәлима Әбдіраманқызы 1961 жылы 25-қарашада Түркістан облысы Төлеби ауданы Тасарық ауылында дүниеге келген.

1969-1979 жылдары Тасарық ауылындағы Т. Тоғысбаев атындағы орта мектепте оқыды.

1980-1985 жылдары Е.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетінде оқыды.

1985-1989 жылдар аралығында Шымкент қаласында Т. Рысқұлов атындағы № 25 қазақ орта мектебінде мұғалім болып қызмет істеді.

1990 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың қазақ әдебиеті мамандығы бойынша аспирантура бөліміне түсіп, оны 1994 жылы бітірді.

1995 жылы «Ә. Нұршайықов шығармаларындағы адамгершілік ізденістер» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады.

1995-1997 жылдар аралығында ҚР ҒА жанындағы М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында әдебиет теориясы бөлімінде ғылыми қызметкер қызметін атқарды.

1998 жылдан бері әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінде ұстаздық етеді.

1998-2003 жж. қазақ тілі кафедрасында оқытушы.

2003-2005 жж. Көркем аударма теориясы және әдеби шығармашылық кафедрасында доцент.

2005 жылы әдебиеттану мамандығы бойынша доцент ғылыми атағы берілді.

2005-2008 жж. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың докторанты.

2006-2011 жж. Әдебиет теориясы және фольклористика кафедрасында доцент.

2011-2012 оқу жылынан бастап әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың филология факультетінің қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасында қауымдастырылған профессор қызметін атқарады.

4

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЕҢБЕКТЕРІ

С.Ә. Қалқабаеваның республикалық басылымдарда төмендегідей ғылыми еңбектері мен әдістемелік-оқу құралдары жарық көрді:

1. Ә. Нұршайықов прозасындағы адамгершілік ізденістер. Монография. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2004. – 168 б.

2. Көркем шығарма поэтикасы. Монография. – Алматы: «Қазақ университеті», 2019. – 234 б.

3. Көркем шығарма поэтикасы. Монография. 2-басылым. – Алматы: «Қазақ университеті», 2021. – 257 б.

4. Әдебиеттанудың теориялық мәселелері. Оқу құралы. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2021. – 288 б.

5. Әдебиеттану пәні бойынша тест жинағы. – Алматы: «Қазақ университеті», 2019. – 90 б.

6. «БМ021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша пәндердің типтік оқу бағдарламалары. – Алматы: «Қазақ университеті», 2017.

7. «Қазақ тілінде ресми-іс қағаздар үлгілерін оқыту». Оқу-әдістемелік құралы. – Алматы: «Қазақ университеті», 1999. – 79 б.

8. Қазақша-жапонша тілдескіш. Оқу-әдістемелік құралы. – Алматы: «Қазақ университеті», 2002. – 72 б.

9. Қазақ тілі сабақтары. Оқу-әдістемелік құралы. – Алматы: «Қазақ университеті», 2003. – 55 б.

10. Махаббат – мәңгі ертегі. Әдеби жүздесу. Әдістемелік оқу-тәрбие құралы. – Алматы: «Ой-сана», 2012. – 47 б.

11. Әдеби жүздесу. Әзілхан Нұршайықов. Әдістемелік оқу-тәрбие құралы. Алматы: «Ой-сана», 2015. – 44 б.

12. Әдеби жүздесу. Исраил Сапарбай. Әдістемелік оқу-тәрбие құралы. Алматы: «Ой-сана», 2015. – 52 б.


13. С.Ә. Қалқабаеваның ғылыми және әдеби мақалалары бірнеше кітаптар мен жинақтарда жарияланған. Атап айтқанда, «Майтанов әлемі» (2013), «Әйгілі Әзаға» (2012), «Өнегелі өмір. Ә. Нұршайықов» (2012), «Қазақстан ғалымдары. Энциклопедия» (2013), «Қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы» (2014), т.б.

Әдебиеттің өзекті мәселелері қамтылған ғылыми-әдістемелік мақалалары Web Science, Scopus базасында, ҚР БЖҒМ Бақылау

5

комитеті бекіткен басылымдарда, халықаралық және республикалық ғылыми-теориялық, ғылыми-методологиялық конференция материалдарында жарияланған. Атап айтқанда, «Әдебиеттану ғылымының методологиялық мәселелері», «Қазіргі гуманитарлық ғылымдарының өзекті мәселелері», «Аударма теориясы мен тәжірибесінің және салыстырмалы әдебиеттанудың өзекті мәселелері», «Қазіргі әдебиеттану мен фольклористиканың теориялық және методологиялық мәселелері», «Әуезов және әлем әдебиеті», «Рымғали Нұрғали және Алаш әдебиеттануы», «Қабдолов оқулары», «Әдеби-рухани мұра: мәдениетаралық коммуникация контекстінде», «Әдеби мұра – рухани жаңғырудың қайнар бұлағы», «XXI ғасырдағы филология ғылымдары: ұлттық код және көркемдік таным», «Әбіш Кекілбаев – заманның заңғар тұлғасы», «Абай мұрасы – халық казынасы», т.б.

Мерзімді басылымдарда жарияланған макалалары 50-ден асады. С.Қалқабаеваның ғылыми еңбектері мен оқу құралдары оқу үдерісінде, базалық және мамандану пәндерінде қолданылып жүр.



ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС БАЯНДАМАЛАРЫ

З.Н. СЕЙІТЖАНОВ

филология ғылымдарының докторы, профессор,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қаласы

БАҒАЛЫ ЕҢБЕК

Филология ғылымының кандидаты Сәліма Қалқабаеваның «Көркем шығарма поэтикасы» (2019, 2021) монографиясы үлкен үш бөлімнен («Туындыгер және даралық», «Көркем туынды және шығармашылық тұлға», «Поэтика саласындағы зерттеулер») тұрады. Күрделі еңбектің алғашқы бөліміндегі берілген зерттеулер Ә. Нұршайықовтың роман, повесть, әңгімелерін талдауға арналады. Майдангер жазушы Әзілхан өзінің шағын новелла, повестері арқылы танылған және қазақ әдебиетінің өткен ғасырдың 60-70 жылдары, соны көркемдік сипатпен жанрлық-стильдік пішін әкелген жазушы ретінде бағалағаны белгілі. Жазушы публицистикадан көркем прозаға бет бұрған алғашқы адымының өзінде-ақ адамгершілік мәселесін туындыларында өмір өзегіне айналдырады.

Адамзат қоғамының ұзақ тарихында адам, адамгершілік, кісілік жайында толғанбаған суреттер кемде-кем. Өйткені өмірдің көлеңкесімен күншуағы қатар жүреді. Бүкіл тіршіліктің мәні адамгершілікке байланысты. Ізгі қасиет – адамгершілік болмаса кара түнекке (хаосқа) айналуы мүмкін. Сондықтан адамның да, заманның да кемшілігін түзеп, өмірді нұрландыратын ұлы күш – адамгершілік. Ендеше адамгершілік сөз өнерінің мәңгілік мәселесінің бірі екені дау тудырмаса керек. Осы тұрғыдан келгенде, әдебиет адам тәрбиелеудің, өмірдің мәнді-мағыналы болуы адамның ізгі қасиеттерінен басталатынын назарда ұстаған және өзінің бүкіл шығармасының бойында адам болмысының тазалығы жібек жіптей арқау тартатынына зерттеуші орынды көңіл аударған. Мұны жазушының идеялық-тақырыптық даралығын байқататын ерекшеліктің бірі ретінде бағалайды.

МАЗМҰНЫ

Өмірбаяндық деректері	4
Ғылыми-әдістемелік еңбектері	5
Пленарлық мәжіліс баяндамалары	
<i>Сейітжанов З.Н.</i> Бағалы еңбек	11
<i>Мәдібаева К.</i> Тұлғатанудағы толымды еңбек	19
<i>Тұрысбек Р.С.</i> Көркем әдебиеттегі адамдық борыш пен адамгершілік мұраттар	26
<i>Тымболова А.О.</i> Сәлима Қалқабаеваның ғалымдық, әдіскерлік, ұстаздық келбеті	37
<i>Пангереев А.Ш.</i> Көркем шығарма және туындыгер мұраты	45
<i>Г.Ж. Орда.</i> Әдебиеттанушы ғалымдар туралы шығармашылық портреттер	51
<i>Ержанова С.Б.</i> Ғалым зерттеулеріндегі әдебиеттің аксиологиялық аспектілері	58
<i>Болатова Г.Ж.</i> Сәлима Қалқабаева – исследователь художественного мира современной казахской литературы	63
<i>Қайырбеков Ә.</i> Әзілхан әлемі: көркемдік Сырын зерделеу	71
<i>Нұрпейісов Н.Ж.</i> Әдебиеттанушы ғалым Сәлима Қалқабаева зерттеулеріндегі поэтикалық таным	77
<i>Мауленов А.</i> Әдебиеттанудағы соңы зерделеулер	88
<i>Ералы Е.</i> Әдебиеттануға қосылған сүбелі еңбек	95
<i>Тоқтағазин М.Б.</i> Поэтиканы пайымдаған зерделі зерттеуші	102
<i>Қамарова Н.С.</i> С. Қалқабаева зерттеулеріндегі әдеби-танымдық пайымдау	111
<i>Қияқова Р.Ж.</i> Биік белестерді бағындырған ғалым	116
<i>Елімбаева Ә.К.</i> Сан салалы соқпақ. Саликалы ғұмыр	119
<i>Шортанбай Ш.А.</i> Ұстаз. Ғалым. Тәлімгер	125
<i>Нәзіп Ж.К.</i> Ұстаз ұлағаты	130
<i>Есімбекова А.А. Сатымбекова Ж.Н.</i> Көркем шығарманы талдауды үйрететін құнды еңбек	133
<i>Дадиева Г.Р.</i> Ізденімпаз зерттеуші	139
Әдебиеттанудың жаңа бағыттары мен әдебиетті оқыту әдістемесі	
<i>Абдуллин А.Б.</i> Әбу насыр әл-Фарабидің «Бақытқа жету жолында» еңбегіндегі бақыт категориясының мәні турасында	145

<i>Ахмедова Д.А.</i> Некоторые аспекты понятия образа творческой личности в современном литературоведении	151
<i>Зейноллақызы М.</i> Досхан Жылқыбайдың «матрица» әңгімесіндегі феноменология	156
<i>Төлеп К.Ә.</i> Жоғары сыныптарда әдебиетті проблемалық талдау арқылы оқыту	161
<i>Алмас Л.А.</i> Ә.Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогындағы нарративтік тәсілдер	167
<i>Сейтқазы Е.Қ.</i> Фольклор – тәрбиенің басты құралы	173
<i>Жаманбаева Л.Ж.</i> Б.Сарыбайдың «Қара торғай» повесіндегі психологизм	176
<i>Торғауытова Х.Т. Ы.</i> Алтынсариннің «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесін оқытудың тиімді жолдары	181
<i>Калимбетова А. А.</i> Жамбыл шығармаларының көркемдік ерекшеліктері	188

Жас ғалым

<i>Сағынбаев Ә.</i> Ұлағатты ұстаз, тағлымды тәлімгер	196
<i>Молдағали Б.</i> Кемел Тоқаев шығармашылығындағы детективті сюжеттер поэтикасы	200
<i>Әзімханова Ж.Б.</i> Қазақ әдебиеттануында хронотоп мәселесінің концептуалдануы	211
<i>Шәріп А.М.</i> Ә.Нұршайықов шығармашылығындағы «аскери күнделік» көркемдік әлемі	216
<i>Шакиров З.З.</i> «Өлеңімді көкке жазам, жұлдыздардың жарығымен»	224
<i>Әлиасқар Е.Ә.</i> ХХІ ғасыр балалар әдебиетіндегі фольклорлық сарындар	231
<i>Маратова Ш.С.</i> Қазақ прозасындағы романтикалық образ	237
<i>Алуақас Б.Е.</i> Байырғы сөздердің көркем әдебиеттегі көрінісі	241
<i>Ізтаева Б.Е.</i> Шығыстық жазба ескерткіштердегі Ескендір бейнесі	245
<i>Копжасар Н.Д.</i> ХХІ ғасырдағы әдебиеттануды зерттеудің өзекті мәселелері мен жаңа бағыттары	255
<i>Әнуарбекова А.А.</i> Қазақ тіліндегі алғыс және қарғыс мәнді сөздердің лингвомәдени сипаты	262
<i>Мағазбеков Н.Ж.</i> Тәуелсіздік кезеңіндегі Абай философиясының зерттелу деңгейі	267